

Алматы облысы білім басқармасы Талғар политехникалық колледжі

Бекітемін
Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары
-----Ж.Құрманғожаева

“КӨКТЕМ АРУЫ-2017”

(байқауы сценарий)



Жауаптылар: Жырғалбаева Ф.Ш
Жумағалиева Г.

Талғар 2017ж

“КӨКТЕМ АРУЫ-2017”

1 – жүргізуші: Армысыздар құрметті , ұстаздар, көктем гүліндей жайнаған апайлар, бойжеткен арулар! Сіздерді келе жатқан көктемнің ең алғашқы мерекесі, 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймыз! Сіздер, күндей құлпырып, гүлдей жайнап өміріміздің көркі болып жүре беріңіздер!

Мен қазақ қыздарына қайран қалам
Жанары жаны жаздай жайрандаған
Қыз өссе-елдің көркі-деген сөзді
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам

2 – жүргізуші:

«Қыз емес қыздың аты қызыл алтын,
Көрінер толған айдай жүзі жарқын,
Үлкеннің алдын орап сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі салтын»

Қазақ қызы десе ашық, жүзінде ұяндық бар, әдепті, инабатты жан елестейді. Халқымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән беріп тек төрінен орын берген. Аты аңызға айналған Қыз Жібек пен Баян, Қарашаш пен Айша бибі, Қорлан мен Ақтоты сынды ару қыздарымыз бізге мәңгі үлгі. Бүгінде сол арулардың ізін жалғастырушы әдепті де әдемі, инабатты да мейірімді ару қыздарымыз сынға түскелі тұр.

1 – жүргізуші:

Қызың жақсы болса:

Бірінші – иманың

Екінші – жиғаның

Үшінші – ырысыңның тұрағы.

Қыз баланы қазақ халқы өте қадірлеген. Қызды қонақ, гүл сияқты нәзік деп, оған қатты сөйлемеген, көңілін қалдырмай өсірген. Халқымыздың құрмет тұтқан ару қыздар сынға түсер «КӨКТЕМ АРУЫ-2017» байқауына қош келдіңіздер!.

2-жүргізуші :

Уа, халайық, халайық,

Мұнда назар салайық.

Рұқсат болса Сіздерден!

Тойды бастап алайық

1 – жүргізуші:

Мың бұралған арулар аңдап басып,
Келеді міне ортаға толқып тасып
Ал, халайық, аруларға тамсанайық,
Қыз қылықты дегенге ән салайық.
Атына заты сай аруларды
Тағы да бір қол соғып қарсы алайық.
Қыздар ортаға келеді.

1-жүргізуші:

Шалқытып мерекеде ән салайық,
Өнерпаз өрендерге тамсанайық.
Әділдік пен шындықты арқа тұтқан,
Әділқазы алқасымен танысайық.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

1– жүргізуші:

Тіл байланып қалатындай көргенде,
Сұлулықты соған ғана берген бе!
Кімде болса бас иеді мойындап,
Қарсы алдына қазақ қызы келгенде – дей келе бүгінгі байқауға қатысушыларға сәттілік тілей отырып қыздар кезегін білу үшін жеребие тартайық. Ал қымбатты арулар өз кезегімізді білу үшін сандықшадан нөмірлеріңізді таңдаңыздар!

1– жүргізуші:

Ал енді бүгінгі «Көктем аруы-2017» байқау шарттарымен таныстырып өтейік.
Мен қазақтың қызымын». Өзін-өзі таныстыру (Слайдпен қосымша)

2 – жүргізуші: «Салт дәстүрді білеміз бе?» (Сұрақ-жауап.)

1 жүргізуші: «Өн бойынан, өнер тамған». (Өз өнерін көрсету. Өн, би, т.б.)

2 жүргізуші: «Қыз еркем – кестесімен көркем» (Қолөнер. Түрлі-түсті қағаздан оригами-композиция жасау)

1 жүргізуші: «Тал бойына жарасар сәндік киім» (Киім үлгілерін ұсыну. 3 сәндік киім үлгісін қорғау).

Әр сайысқа 3-5 минуттан беріледі. Уақыттан аспай өз өнерлеріңізді шеберлікпен орындауларыңызға тілектеспіз! Құрметті: Әділ – қазылардың бағасы 5 балдық жүйемен енгізіледі. Аруларымызға тек әділ баға күтеміз.

2 – жүргізуші:

Баурап алар бір ақ ауыз сәлемі
Қазақ қызы – әдепті де әдемі

Қазақ қызы – ақылына көркі сай
Тұнып тұрған сұлулықтың әлемі –

1 жүргізуші:

Бұл сайыста үзенгі қағыстырып,
Көрейік, аруларды жарыстырып.

Бұл ортада білетін бар, білмейтін бар,

Әрбір ару көрсін өзін таныстырып -дей отырып байқауымыздың бірінші бөлімі аруларымызды өзін – өзі таныстыруына рұқсат етейік. Қарсы алыңыздар!

1.

2.

3.

4.

5.

2 жүргізуші:

Ал әділқазы алқалары аруларымыздың әділ бағасын берсеңіздер ----

БАҒЛАН: -Қайрат. сен бабаларымыздан айнымай келе жатқан салт-дәстүрлерімізді қаншалықты білесің?

Қайрат: -Бағлан осы сұраққа менен гөрі қыздарға жолдасақ. Өйткені болашақ ұлт тәрбиешілері осы ару қыздарымыз ғой.

Бағлан:

Ақылдылық қыздарға жарасады,

Көзі ашықпен бәрі де санасады.

Келесі сұрақ – жауап сайысында

Сыналар білімі мен парасаты – дей отырып келесі кезең

«Салт дәстүрді білеміз бе?» атты сұрақ-жауап сайысына кезек берейік.

1 жүргізуші:

Ал әділқазы алқалары аруларымыздың әділ бағасын берсеңіздер ----

2 – жүргізуші

Сұлулықтың дүниеде барын қарап

Аққайың да ұрлана таңырқамақ

Пай – пай, шіркін! Қыздардың әсемін – ай!

Ес еркінді әкеткен барымталап.

АРУ ҚЫЗДАРЫМЫЗ КЕЛЕСІ КЕЗЕҢГЕ ДАЙЫН БОЛҒАНША ТАМАША ӘН ЖОЛДАЙМЫЗ

26 топ студенті-Ән-----

БАҒЛАН: Қайрат жігітке жеті өнерде аз дейді. Қыздардың неше өнері бар екен?

ҚАЙРАТ: Қыздарда 40 өнер бар деп ойлаймын. Өйткені «Қыздың 40 жаны бар» деп бабаларымыз тегін айтпаса керек. Мысалы қыздар мамандықтардың бар саласында қызмет етеді. Үйде түрлі дәмді ас пісіріп, киім тігіп, ою ойып, әнде айтады, би билейді....., айта берсек таусылмас. Одан да өзіміздің аруларымыздың өнерін тамашалап баға берейік!

БАҒЛАН: Ендеше келесі сайысымыз «**Өн бойынан, өнер тамған**». Деп аталады.

Қыздарымыздың өнеріне баға берейік!

1 жүргізуші:

Ал әділқазы алқалары аруларымыздың әділ бағасын берсеңіздер ----

ҚАЙРАТ: Бағлан, қазірде ұршық иіріп, кесте тігетін, ою ойып, тоқыма тоқитын, сырмақ сырып, киіз басуды білетін қыздар бар ма?

БАҒЛАН: Ұлттық өнерімізді дәріптейтін дегің келіп тұр ғой. Әрине «Ел іші-алтын кеніш» демей ме? Бабаларымыздан келе жатқан ұлттық нақыштарымызды шебер жасайтын он саусағынан өнер тамған қыздар жетерлік.

ҚАЙРАТ: Ал «он саусағынан өнер тамған» деп қалдың қазір біздің қыздар қандай сайыс түрінен сынға түсетінін білесің бе?

БАҒЛАН: Біздің арулар заманауи үлгідегі қолөнермен сынға түспек. Түрлі-түсті қағаздан оригами-композиция жасаудан. **Оригами** (жапонша 折り紙, – “бүктелген қағаз”) – ежелден келе жатқан қағаздан әр түрлі пішіндер жасау өнері.

ҚАЙРАТ: Ендеше келесі сайысымызды хабарлайық **«Қыз еркем – кестесімен көркем»** деп аталады. Аруларымызды ортаға шақырайық

БАҒЛАН: Қайрат сайыскерлеріміз қолөнерлерін жасап біткенше өзің бір қыздарға арнап тамаша бір ән шырқап жібермейсің бе?

ҚАЙРАТ: Дегенің болсын! Осындай дүбірлі додада ән айтпағанда қашан ән айтамыз! **ӘН.**

1 жүргізуші: Ал әділқазы алқалары аруларымыздың әділ бағасын берсеңіздер ----

ҚАЙРАТ: Бағлан колледжде белгілі бір сақталған киім формасы бар, десе де қыздарымыздың өз ойларында, қиялында жүрген киім үлгісі қандай екен тамашалайық. Кім білсін, болашақта аруларымыздан керемет дизайнерлер шығар.

БАҒЛАН:

Сымбатына сән киімі жарасатын,

Аспандағы айменен таласатын.

Өнеріне сәні сай келіп тұрған,

Арулардың байқайық парасатын,-

ҚАЙРАТ: Келесі сайысымыз **«Тал бойына жарасар сәндік киім»** деп аталады.

(Киім үлгілерін ұсыну. 3 сәндік киім үлгісін қорғау).

Ән 16 қыз

1 жүргізуші: Ал әділқазы алқалары аруларымыздың әділ бағасын берсеңіздер ----

1 – жүргізуші:

Қазақ қызы – тамсандырған талайды,

Тоғжан болып ғашық қылған Абайды.

Қазақ қызы күлкісі күн, тілі бал,

Ай секілді асқақ ару арайлы –

2-жүргізуші: Әділқазы алқасы аруларымыздың ұпайларын есептегенше, өнерпаздардың өнерлерін тамашалайық.

Флеш моб

Бағлан ән

?-----

1-жүргізуші: Сайысты қорытындылау үшін Барлық аруларымызды ортаға шақырамыз. Әділқазыларға сөз кезегін береміз.

2-жүргізуші: Баршаңызды көктем мерекесімен, 8 наурыз мерекесімен тағы да құттықтай келе, құт-береке тілей отырып, сайысымызды

аяқтаймыз.

«Қыз- ұлттың жаны» демекші, ата-аналардың аяулысы, құрбы-құрдастарыңыздың қадірлісі мен қымбаттысы, даламыздың гүлі, өміріміздің сәні бола беріңіздер! Тағы да, Мерекелеріңіз құтты болсын!

